



ОН аманат

Батыс Қазақстан облысының мәдениет басқармасы
Облыстық халық шығармашылығы орталығы



МРД

Орал – 2009



УДК 78

ББК 85.31

Ә 59

«Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде шығарылды.

Шығаруға жауапты: Облыстық халық шығармашылығы орталығы.

Ә 59 «Ән аманат». Жинақ. Орал: -«Полиграфсервис», 2009. - 148 бет.

ISBN 978-601-7104-60-3

Өзі өмірден өтсе де өнері елесінде мәңгі сақталатын ерекше түлғалар болады. Солардың бірі, бірі емес-ау бірегей Оралдан ән оздырган ұлы композитор-әнші Мұхит Мерәліұлы болып табылады. Аттың аяғы, құстың қанаты талатын ұлан-байтақ Кіші жұз аймағын әнімен мойындағып, ез мектебін қалыптастырыған бұл тау түлғалы өнер иесінің мұрасы үрпақтан-үрпақта жалғасып келе жатыр.

Орал өңірінде Мұхит бабамыздың мерейтойлары кезек-кезегі, рет-ретімен атаптың өтіп келеді. Бірнеше естелік-зерттеу өнбектер кітап болып шықты.

Бұл жинаққа ақын Айтқали Нәріков, журналист Тілекқабыл Боранғалиұлы, журналист, мұхиттанушы. Қайыржан Хасанов, Батыс Қазақстан өңірінің өнер мұраларын зерттеп жүрген әнші Серік Әбдірахмановтың жазбаларын ұсынып отырмыз.

Кітап өнер сүйер оқырман қауымға арналған.

УДК 78

ББК 58.31

ISBN 978-601-7104-60-3

© Облыстық халық
шығармашылығы орталығы

I - бөлім

Марихи
үйғаудардан
арадаңдар



Әуенімен әйгілі Әбілхайыр әuletі

Көне кептің байыбына салсақ, көмейіне Жошы хан қорғасын құйғызған домбыра қайтып үн қатпастай тұншықпақ еді. Алайда, ғасырлар өткенде басқа емес - нақ осы әміршінің өзінен өрбіген жұлдызды шоғыр азалы да жазалы аспаптың құдіретіне дүниені қайта табындырыды. Жошы заманы тым жырақ - әңгімеміз адасар. Арғы атасы әз-Жәнібек - бұл да бағзы белесі. Бергідегі Әбілқайыр бабаларына алдияр дейік.

Іә, әңгіме баһадүр хан ұрпағының тұқымнан тақ тоздырыған тегеуріні емес, әuletten ән оздырыған тектілігі хақында болмақ. Әбілқайырдың тікелей мұрагері Нұралының отыз ұлы ішінде, әсіресе, Бекей, Шығай, Қаратай тарихта аты қалған тұлғалар. Осы үшеуінен басындағы бақты тақтан емес, күмбірлі күй мен әуелеген ән-жырдан тапқан ұрпақ қашшама. Айтальық, төре күйдің тәңірі Дәүлеткереі, әншілігімен Жайықтың сырнайы атанған Мұхит сал, “Шалқыманың” жаршысы Жантөре хан – дарынымен дара тұрап есімдер!

Бір ғана Бекейдің балалары - Жәнгір хан, Тәуке, Әділ, Мендігерей сұлтандар сарайынан күй керуендете шыққан салтанатты топ ше? Тәукеден - Махамбет, Габдолхакім, Хабир күйшілер, Әділден - Науша күйші, Жәнгірден - шабытты ақын, шебер домбырашы Шәңгерей тарайды. Мендігерей де өзімен бір анадан туған інісі Дәүлеткереиді тек дәүлет пен билікке бауымапты.

Ұлттықмәдениеттің тағы бір көрікті тобы - Қаратаевтар мен Мұхитовтар. Бұлардың көшбасшысы - әнші Мұхит. Мұхиттың атасы да, әкесі Мерәлі - Мерғали Еркінғалиев те рұлы ел басқарған белсененділер. Мерәлінің Пангерей, Шәңгерей, Мырзагерей, Мұхаметкереі (Мұхит), Сақыпкерей, Жанша (Аюқан) және Жүсіп деген үлдары болды. Сақып, Жанша, Жүсіптер бірінен-бірі асқан домбырашы болса, Шәңгерей скрипканы сыйылта



ойнады. Әйтсе де, ағайынды жетеуден оза шауып, “Оралдан ән оздырғаны” Мұхит сал.

Әйгілі атапарының туын жықпай жиырмасынышы ғасырға бүлардың бәрі Қаратасев тегімен жеткен еді. Ұлт азаттық көтерілістің көсемі Қаратай сұлтанның күресің кеңестік тарихнамада өуелі дәріптеліп, кейіннен есімі қайта көмекіленді. Сірө, Ресей Думасының депутаты, алғашқы үкімет - Қазревкомның мүшесі Бақытжан Қаратасевтың Голощекин саясатын айыптаپ, қыр көрсете компартиядан шығынан туған көзқарас салқыны болса керек.

Содан ба, Затаевичтің “1000 әніне” Қаратасев болып кірген Мұхит Жұбановтың “Замана бұлбұлдарынан” Мерәлиев болып шықты. Тап күресі ушығып тұрған заманда Ахандай жанашырдың Мұхит мұрасы мен оның кейінгі үрпағының тағдыры үшін ойлаған сақтығы еді. Сөйтіп, Мұхиттың өзінен тарайтын өнер саңлақтары оның атымен - Мұхитовтар болып жалғасты.

Немере інісі Бақытжан Қаратасевтың айтуынша, ақжарқын, әңгімешіл Мұхит қай төрдің де күткен мейманы болған. Жасында көркіне сұлуулар сұқтанған әнші қартайған шағында кең пейілді, келбетіне парасат үялаған абызға айналып, елдің құрметіне бөлениген. Сөйтіп, жас шағында “Күнде той, күнде жыын жүрген жерім” деуі де, егде тартқанда “Мен кепіл өткен жастың келмесіне” дегені де шындықтан шалғай емес. Өмірінің соңында сезім әндерін шырқауды доғарып, Құранның сезін әуезелейтін ғажайып араби сарынды сопыдай қайталаумен өткен дейді.

“Айдай” мен “Қыпшак”, “Алуаш” пен “Қылым”, “Айнамкөз” бер “Паңқөйлек”, «Дүния» мен «Зәуреш» әндері Мұхит есімін мәңгілік етті. Мұхит әншілігімен қоса Бөгданың, Тазбаланың, Абылдың, Сәулебайдың құйлерін нақышына келтіре орындаған.

Мұхиттың Шоң (Мұхаметжан) және Нәу деген балалары әке қасиетін өздері мен кейінгі үрпақтарына



дарытқан өнерпаздар. Он тоғызыншы ғасыр соңында ғұмыр кешкен Шоң домбыра мен скрипка шебер ойнаған. Шоңның балалары Лұқпан мен Ғұбайдолла Мұхитовтар, Нәудің баласы Шайхы Қаратасев атасының өн қазынасын алтындау сақтап, жиырмасыншы ғасырга әкеп табыстады.

Немересі, 1890 жылды туған Шайхыны Мұхит орысша оқытып, әкімшілік қызметке даярлады. Мұхит інілері Сақыпкерей, Жанша, Жүсіп және осы жасөспірім Шайхы бесеуі қосылып, ол тұста болмаған жаңалық - қазақтың күй әуендері мен орыстың би-вальстерін бес домбырамен күмбірледткен. Сөйтіп, әдейілеп емес, әсер мен өuestіктен оркестрге бас құраған.

Жиырмасыншы жылдардың басында Орынборда қазақ ән-күйлерін жинаумен шұғылданған Затаевичтің есіл дерті елге есімі жайылған Шайхыны көру еді. Оралдың жігіттер екеуін кездестірмек болып, Жымпityға жеделхат жөнелтті. Жауап орнына оның таяуда өмірден өткені туралы өкінішті хабар келді. Қайран Шайхы өзінің “Арман” әнін домбыра шегінде баяу қағумен дем үзіпті. Соңғы сәтте қасында болған өнерпаз жігіт Бақ Жұмағалиев Орынборға келіп, Шайхының “Арманы” мен одан үйренген Мұхиттың “Мұхамедия” мен “Коңыр әнін” этнографқа жаздырған.

Ал жастайынан Шайхының қасына еріп, Мұхит шығармаларын көкірегіне құйған күй-сандық әнші кейінгі Құрманғалиев Фарифолла деп білеміз. Ғарекен: “Шайхының өн айтқан дауысына үнімді үш тыныс алып барып теңестіретінмің” деп еске алады екен.

Жанарында сал Мұхит жарқылдаған акыық осылай деп өз дауысын Шайхыдан үш екпін кем бағаласа, аталы - немерелі екі саңлақтың әншілік “айдайы” қай қырыдан естілерін ойлаңыз!

Домбыра, скрипка, гитара болсын - аспап таңдамай ойнай беретін Шайхы әншілік жағынан Мұхиттың әндерін өзінен асырып салмаса, тәмен срынданмаган. Кейінгіге



өз үні жетпегенімен, атасының мұрасын Гарифоллаға, аталас інісі Қамбар Медетовке (Қаратас) табыстаған Шайхы есімі әйгілі әулет өмірбаянының сырлы параги.

Жұбанов тағы бір Қаратасты “Мұхит әндерінің қоймасы” атаған. Айтса, айтқандай, Шынтас Мұхиттың қасында көп болып, әндерінің негізін алып қалды. Көбінің шығу тарихын білді. Өзі орындалап та, мамандарға жаздырып та кеңінен насиҳаттады. “Зәурештің” алпыс шумақ дастанын айтты. Кербез бастап, еркелете аяқтап, күміс өуенмен “Қыпшақты” құбылта шырқады. А.Жұбановқа Мұхит туралы еңбек жазуға негізгі мәліметтерді берген осы Шынтас.

Шынтас Қаратай сұлтанның Тілеуінен тарайды. Бір қызығы, Алматыға Шынтастан бұрын әні жетті. Оттызыншы жылдары Қазақ радиосында диктор болған Тәмті Ибрағимова Мұхит пен Шынтас әндерін эфирден алғаш орындалады. Қаратебеге келгенде әкесі Зариптің “керуен сарайына” жиі түсетін Шынтастың өнеріне жастайынан тәнті болған Тәмті одан көп ән үйренген еді. “Паңқөйлекті”, “Айнамкөзді”, “Дайдидауды” жүртшылық радио арқылы Мұхиттың өз мәнерінде тыңдады.

Мұхиттың немересі Лұқпан оттызыншы-елуінші жылдары Құрманғазы оркестрі мен Қазақ филармониясында ұлттық өнер үшін аса пайдалы еңбек етті. Әкеден ерте қалса да, Мұхит атасының әндерін шырқай жүріп, он бес жасында Шоңың әнші баласы атанды. 1916 жылы майданның қара жұмысына алынды. 1933 жылы түйе өсірудің үздігі ретінде Алматыға слептке келді. Астанада оның атына сыртынан қанық Ахмет Жұбанов кездестіріп: «Жаңа құрылып жатқан музыка кабинетіне жұмысқа қаласың», - дейді. «Апыр-ай, түйелерім...», - деп Лұқпан қиналады. Өнер комиссиясындағы Өуезов, Жұбанов, Брусиловскийлер: «Түйе бағатын сенімді адам табылар» деп көндіреді. Содан Қазатком оркестрінің бас домбырашысы болып орналасты.

Мұрағат қорында жайсаң азаматтың әр жылдары өз



қолымен жазған өмірбаян параптарты сақталыпты:

2 қараша 1940 жыл: «Мен Лұқпан Шоңұлы Мұхитов 1894 жылы Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданында Жақсыбайда тудым. Әкемнің әлеуметтік тегі кедей шаруа. 1841 жылы туған атам Мұхит үш айдай старшындықпен айналысып, одан кейін тек ән-күймен шұғылданған. 1918 жылы қайтыс болды. Кіші інім Ғұбайдолла Мұхитов 1937 жылдың қазанында саяси жағынан қамалып, он жылға жер аударылды. Кейіннен кінәсіздігі анықталып босатылды. Қазір Алматы облысындағы Қапал педучилищесінде оқытушылық қызметте. Өзім 1929 жылы колхозға кіріп, екпінді болып жұмыс істедім. 1933 жылды Алматыда бақташы-малышлар слетіне делегат болып қатыстым...».

23 сәуір 1955 жыл: «Домбырашы әрі скрипкашы әкеміз Шоңының өнері бәрімізге дарыды. Ағаларым Шайхы, Махмұт, інім Ғұбайдолла бәрі де қайтыс болған. Өз балаларыммен бірге інімнің баласы Сапар Мұхитовты тәрбиелеймін. 1934 жылдан бері Құрманғазы оркестріндемін. Мұхит атамның жеті-сегіз күйін, елудей өнін жаздырдым...».

Осындаи өмірбаянның бірі концертмейстер Лұқпан-ды Сталиндік сыйлыққа ұсыну үшін жазылған екен. Белгілі себептермен ұсыныс халық әртісі атағы мен “Құрмет белгісі” орденіне түзетіліпті. Еңбегі лайық болғанымен, жоғары жақтағылар сақтақ жасаса керек. Лұқпанның өзі әлеуметтік тегінен ақтала да сақтана жазып отырса, мәдениет басындағыларға қалай кінә қоярызы.

Лұқпан тәрбиелеген Сапар Ғұбайдоллаұлы Мұхитов та Чайковский училищесін бітіріп, 1960-шы жылдары Құрманғазы оркестрінде ойнады.

Музықант Мұхитовтардың соңғы ірі қайраткері арамыздан күні кеше өткен атақты домбырашы Құбыш Әшімұлы Мұхитов. Құбыштың анасы Зейнеп Нәүкүзы Мұхитова - Шайхының қарындасы. Колхозшы Зейнеп



1935 жылы Алматыға келіп, Құрманғазы оркестріне орналасты. Сол жылдары оркестрдегі небәрі екі әйелдің бірі осы Зейнеп еді. Бармағынан бал тамған домбырашы өнер үжымында жиырма жыл табан аудармай өнер көрсетті.

Құбыш сегізінші сыныпты бітірген 1943 жылы осы оркестрдің ең жас құйшісі болып қабылданды. Сейтіп, анасы екеуі отызыншы жылдары жазықсыз кеткен ағаларының орнын ойсыратпай, өз таланттарымен оркестрдің күйін құйқылжытты. Алдарында аман жүрген екі аға - Науша Бекейханов пен Лұқпан Мұхитовқа арқа сүйеді.

1950 жылы консерваторияның халық аспаптары факультетін бітірген Құбышты Ахмет Жұбанов осында жұмысқа алып қалды. Кафедра менгерушісі, декан, проректор бола жүріп, өнер шаңырағына өмірінің соңғы күніне дейін 55 жылын түгел арнады. Домбыраға үйретудің әдістемесін жасап, оқулықтар жазды. Педагогтік және орындаушылық дарынымен танылған Құбышты А. Жұбанов жастайынан-ақ “домбырашылар ұстазы” атаған еді. Профессор Мұхитов баптаған шәкірттер қатарында Қаршыға Ахмедияров, Бақыт Қарабалина, Мағауия Хамзин, Шәміл Әблітбаев, Құрманғазы оркестрінің дирижері Айтқали Жайымов пен сазгер Кенжебек Күмісбеков есімдерін атасақ, Аханың сәуегейлігі айнымай келіпті. Осы мақала авторына Құбышаға айтқан бір сырбар еді. Құпиялағаны ма, әлде жариялағаны ма - бірақ анасы атынан айтылған ақиқат болған соң біз де білдіре кетелік. “Менің атам Ақшолақ Сарығожин 1884-1915 жылдары Қаратөбеде болыс болған, тарихта әйгілі адам. Анам Зейнеп Алматыға келгенде әкемнің болыс баласы екенінен сақтанып, мені төре тұқымы болса да Мұхит жарлы деп өз тегіне жаздырды” деген еді. Арғы тегін айтпағанда, ағайыны, “1000 ән” корреспонденттерінің бірі, шебер домбырашы Әміржан Сарығожиннің де 1937 жылдың



күрбаны болуы, Ресей армиясының полковнигі (бір деректерде-генералы), Алашорданың ескери қайраткері Сабыр Сарығожиннің жиырмасыншы жылдары Англияға өтіп кетуі Зейнепке жалғыз ұлын заман көрінен аман сақтаудың амалын ойлатса керек. Ұлт мәдениетінде Құрманғазы оркестрінен бұрын да Мұхитовтар мәйек болған оқиғалар бар. Мысалы, Затаевичті этнограф ретінде танытқан “Қазақ халқының 1000 әні” еңбегінің бастамасына белгілі бір дәрежеде Лұқпанның туған інісі Ғұбайдолла Мұхитов ұйытқы болды десек ше? 1921 жылы Ғұбайдолла Орынбор атты әскер командалық құрамы мектебінің курсанты еді. Курсант демесек, Ғұбайдолла 1916 жыл майданының тыл жұмысынан өткен, Алаш әскерінің құрамында ұрыстарға араласқан - бұрыннан-ақ ат ойнатқан ұланды. Құнбатыс алашорда әскері Кеңес өкіметі жағына шыққаннан кейін атты әскер командирлігіне оқып жатқан кезі. Сол жылдың қаңтар - ақпан айларында Затаевич одан арасында өз атасы Мұхиттың тәрт әні мен “Теріс күйі” бар алғашқы он үш шығарма жазып алды. Өнертанушы Мұхит әндерінің көркемдік - бейнелік сипатына қайран қалды. Олардың тәқаппар, кең тынысты, аңыз рухындағы сарыны музика маманының қазақтың өуен-сазына деген құлшынысын оятты. Келесі күндері Ғұбайдолла зерттеушіге атты әскер мектебінде бірге оқытын Семейлік, Торғайлық жолдастарын ілестіре келді.

Осылайша, «1000 әннің» алғашқы материалдары жинақтала бастады. Наурыз айында Халық ағарту комиссариятының отырысында жазып алғынған әндердің құндылығына баға беретін комиссия құрылды. Құрамына комиссар Ахмет Байтұрсыновтың өзі және орынбасары, азық-түлік комиссары Мұхтар Саматов, Ғұбайдолла Мұхитов пен Ғабдолхәкім Бекейханов кірді.

Қазақ Орталық атқару комитетінің мүшесі Ғабдолхәкім Жәңғір ханның ағасы Тәуке сұлтанның немерелері, ағалы-інілті үш домбырашының ортаншысы. Ағасы



– Махамбет, інісі – Хабир Бекейхановтар. Комиссия мүшелерінің ұсыныстары, талқылаудың хаттамалары мұрағатта сақталған. Жинаққа «Гурьев» әні енгізілмесін, өйткені ол осындағы «Ақтөңіз» әнінің қайталаңған түрі» депті Ғұбайдолла. Габдолхакім «Қанауыз» әнінің әлсіз жазылғанын атапты. Пікірін дәлелдеу үшін осы әнді өзі орынданап берген екен!

Музыка мэтрі ән-күй жинау барысында Ғұбайдолла мен Габдолхакімнің көмегіне кейінде талай жүгінді. 1922 жылдың жазында Габдолхакім ақыры комиссиядағы қытышыр сарапшыдан қазыналы толықтырушуға айналды. Ол орындаушылығы жағынан өз ағасы Махамбетпен, үстаздары Салауаткерей Шығаев және Макар Жапаровпен шендесе алмағанымен, он саусағынан күй құйылған домбырашы болатын. Затаевич одан Дәүлеткерейдің, Құрманғазының, Тұрыптың, Әлікейдің, Макардың аттарын тұнғыш рет естіп, Мұсірәліден Сейтекке дейінгі бекейлік ірі домбырашылардың тізімін жазды.

Орал қаласында екінші басқыш мектепте мұғалім болып жүрген Ғұбайдолламен Затаевич екінші рет 1927 жылды осында кездесті. Сабактар мен конференциялардан қолы босамайтын өнерпаз орынборлық ескі танысына көп қарайлай алмаса да, осы жолы сегіз күй жаздырды. Өсіреле, қоржынына «Абыл», «Нарату», «Өтті-кетті», «Таз бала» секілді салиқалы дүниелер түскенін жинаушы керемет сәттілік санады. Оралдағылар мазасыз Затаевичті Бекей ордасына жіберуге асықты. Сөйтіп, бекейліктегі сол тұстағы атышулы екі домбырашы – Махамбет пен Науша Бекейхановтар тынымсыз зерттеушінің «құрығына түсті». Ата дәүлетінен әлі ажырай қоймаған Махамбет Қарағай жайлауында, Науша Шоңай маңында шаруаларын күйттеп отыратын.

Жәңір ханнан кейін Бекей ордасын Уақытша кеңес деген әкімшілік атаумен он жыл інісі Әділ



Бекейханов басқарды. Қүйші, 1870 жылы туған Науша Мырзагерейұлы осы Өділдің немересі. Наушаның анасы Шахзада - Салауаткерей күйшінің қызы, Дәuletкерейдің немересі. Салауат нағашысы мен Макар күйшіге шәкірт болып, Дәuletкерейдің дәстүрін тікелей жалғастырды. Көз көргендер кейіптейтіндей, орта бойлы, ашаң жұзді, жұмсақ мінезді, байсалды да әдепті, болмысынан рақымшылық есіп тұратын Науша күй тартқанда да сол жайсандықтан, кең пейілден, ұлттық саздағы сыршылдықтан айнымаған. Затаевич оны халықтың тамаша суреткери, өуеннің шабытты шайыры атап, осы өлкедегі ең үздік домбырашының даңқын ол тек Махамбетпен ғана бөлісе алады деп мәлімдеді. Сейте тұра, Науша "Жошы хан" маршын өзінің орындауында нотаға түсіруге үзілді-кесілді қарсы болды. Өйткені, осынау сарынды Махамбеттей ерулі де шерулі шертетін адам жоқ деп, есептеді. Махамбеттің алдын орағаны -күйге қиянат жасағаны! Фасырлар бойы билік бақталасында бір-біріне есе жібермеген әulet өнер бәйгесінде өзінен жүйріктің алдын шаңдатпаған.

Бекейлікте дәуірлеген бұрынғы күй тәңірлерінің ізбасарлары Махамбет пен Науша осы жолы Дәuletкерей мен Құрманғазының, Түркеш пен Өлікейдің, Жантөре мен Байжұманың, Баламайсан мен Қарабастың, Тұрып пен Макардың алпыс күйін нотаға түсіртіп, кейінгілерге мұра етті. Науша берген Құрманғазының «Демалыс», «Кісен ашқан», «Теріс қақпай», Дәuletкерейдің «Жігер», «Керілме» күйлөрін музыка мамандары ұлттық саздың классикалық түсінділары деп бағалады. Азак өнінің құнтышысы осы жолы Орал даласынан алпыс күйге қоса алпыс ән алып қайтты. Көп кешікпей тәрт түлік дәuletін колхозға тапсырып, жер аударылғандай Алматыға жеткен ағайындылар жаңадан ашылып жатқан өнер



шаңырақтарын сағалады. Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловский сынды ән-күй жана шырларымен араласып, музыка шеберханасын, Құрманғазы оркестрін, ұлттық филармония құруға таланттымен де, ұйымдастырушылық қабілетімен де өлшеусіз үлес қости. Орындаушы, ұстаз, жетекші, дирижер, концертмейстер ретінде аталған ұжымдардың үйтқысы мен тірегіне айналды.

Макардай топжарғаннан тәлім алған, Тұрып пен Әлікеидің алдын көрген Махамбеттің ендігі «шәкірті» Жұбанов болды. 1933 жылдың сәуірінде Аханмен танысқанда Махамбет орта жастағы кісі екен. Қолындағы ұзын мойын, он бес перне, кварта күйлі домбырасынан басқа мал-мұлқін ортақ ұжымға өткізіп келген беті көрінеді.

Әйтеуір, атадан қалған дәулет емес, әулеттен қонған дарын тәркілеуге жатпасына ағайындылар сенімді еді. Етene араласқан үш-төрт жылда Махамбет Брусиловский бар, басқасы бар – бәріне шыққан тегімен емес, өнердегі тектілігімен «Махан» деп бас игізді. Соған қарамастан Махамбет халық жауы жаласымен құрбан болды. Ғұбайдолла айдаудан оралып келсе де астанаға кіре алмай, Алматы маңындағы ауылдарда домбыра үйірмесін ұйымдастырып жүрді. Наушаның ғана өнері бағаланып, халық әртісі атанды. Консерваторияда домбырадан тәлім берді. Шәкірттерінің бірі – саусағы саз Нұрғисса.

Ән-күй дегенде албырт та өуесқой, табиғат орындаушылық қабілет пен мінсіз мәнерді мол сыйлаған Ғабдолхакім Бекейханов Мәскеуде Тимирязев академиясында оқыды. Осында 1923 жылдың 314 желтоқсанында Затаевичке «Соқыр Есжан», «Қосалқа», «Шалқыма», «Мерген күйді» келістіре шертті. Жиырмадан астам күй мен халық әнін нотаға түсіртті. Ағасы Махамбет,



Дәулеткерей мен Құрманғазының 28 күйін, інісі Хабир 9 өн жаздырып, өнер шежіресінде есімдерін қалдырыды.

Ұлы мұраға үн қосқан үш қоңыр қаз-ай! Тарихта Бекей ордасының 100 жылдық салтанатына Петербургке барып, патшаға кірген Нұрмұхамет сұлтанның тете туған үш ұлан өнер көгінен бір сәтте жоғалар деп кім ойлаған...

Болашақ мемлекет қайраткері Габдолхакім кезінде Салауаткерей мен Макардан үйренген күй нұсқаларын өздерінен айналтпай орындайтын талант иесі еді. Нотаға түсіру кезінде шығарманы қанша рет қайталап ойнаса да, бір жерінен ауытқу, мұлт кету дегенді білмеген. Екпін мен ойнау еркіндігіне қарап, көне көздер оны Салауаткерейдің өзі деуші еді. “Ақжеленді” Салауаттың дәл өзіндей Макар екеудің тарта алған. Габдолхакім 1937 жылы тұтқындалып, келер жылды атышулы “Горячев тізімімен” С.Сейфуллин, Қ.Жұбанов, Т.Жүргенов, С.Менделев, Ф.Тоғанов, С.Асфендияров секілді 39 ұлт қайраткерімен бірге 25 ақпан күні атылды.

Ұлттық өнерде есімі қалған әуесқой әншінің бірі Ерғожа Қаратаев. Егде жасында радио арқылы ән орындал жүрді. “Сол кезде Ерғожа Қаратаевтың, сірә, алпыстан асқан шағы, - деп еске алады оны отызыншы жылдары көрген өнер зерттеушісі Ерзакович. - Ерғожа қазақ ауылының үлгісімен жинақы тігілген сыпайы киім киіп жүретін. Ақылды, ашаң жүзінен, адамға ілтипатпен қарайтын үлкен қой көздерінен, жұқалтаң да сымбатты тұла бойынан, салмақты сөзінен дегдарлық пен байсалдылық есіп тұратын. Сыртқы келбетімен, адамға ілтипатымен, сондай-ақ әншілік үні, орындау үлгісімен ол маған халық сазгері Естайды елестететін. Кәсіби әнші демегенмен, ол басқалар біле бермейтін халық әндерін орындастын. Өкінішке орай, өмірбаяндық мәліметтерін жазып алмаппын”.



Ерғожа радиодан әнді ұстамды, поэтикалық және музикалдық мәтіндегі маңызды деген сөздерді мәнерлей, тенор даусымен қоюландыра шырқайтын. Сонда “Дүние қызыл тұлкі бұландаисың, бақ тайса бас пен дәулет құра алмайсың” деп әспеттей салар бір әуен “Әлеуша” еді. “Алма мойын еркеммен көрісе алмай, аттаным асығыста Орынборға” деп Бекеннің әнімен аңсататын. “Жез оймақ”, “Қапия”, “Мәулен”, “Күлдарай” сынды сырлы саздарды қоңыр жыраулататын.

Әulet шежіресінен хабардар адамға Ерзакович өкінішінің орнын толтыру қыынға соқпайды. Қаратай сұлтаннан Шонық, Шонықтан жеті ұлдың кенжесі болып Ерғожаның әкесі Медет туған. Медеттің ұлы, 1875 жылдың түлегі Ерғожа Орынбор гимназиясын бітіріп, елде зан, ағарту салаларында қызмет етті. 1930-ыншы жылдары баласы, атақты қүйши Қамбармен бірге Алматыға келді.

Кейінгілер Ерғожадан гәрі баласы Қамбар Медетовті білінкірер. Өйткені, қүйшіліктің ғажабы мен азабын қатар шеккен шабыттың шандозы сол емес пе? Мамандардың бағалауынша өз тұсында оның перне басу аппликатурасын ала алатын адам болмаған. “Арынғазы”, “Ақжелең”, “Боғда”, “Қарасай”, “Қостайбек” - Қамбар күмбір қақтырған қүй қаншама! Солардың ең үкілісі - “Ақсақ құлан”. Оны тартқанда қос ішектен бірде адам даусына, бірде керней үніне тән әуезділік үндесе екпіндер еді. Шанақтан әлдебір қайталанбас гүіл, әсем күмбір есіле құйылып, тыңдаушыны сиқырлы әуен арбап алар еді. Кезінде қатығез Жошы тұншықтыра алмаған домбыра үні, өттен, Қамбармен бірге Қыир Шығыста, Хабаров өлкесінде өшті ғой...

Қамбар әңгімелеген аңыз бер орындаған қүй-симфония әсерімен ақындар қанша дастан жазды! “Жел айдал, қонарын тек сайлар білген, Атой сап ат үстінде айлар жүрген, Қалтаған жаугер тобыр, жойқын жасақ...” деп, Қалижандар қүй екпінін жырымен

жалғап кетті. Алайда, хас шебердің өз есімі көп жылдар айтылмай жүрді. Рухы асқақтағаны ғасырмен бірге келген жұз жылдық мерейтойы кезі. Сол иглікте шараның басы қасында Қамбардың жиен немересі, бір кезде Қамбар іргесін қаласқан Құрманғазы атындағы консерваторияның ұстазы Айжан Рахманқұлқызы Бердібай жүрді. Орны бар оңалар. Айжанның анасы - Бибізада Қамбарқызы.

Өнерпаз Қаратаевтардың қатарында қайраткер Бақытжанның өзбалалары дабар. 1928 жылы Қазақтың ұлттық атты әскер полкі Қызылордадан Алматыға жорықпен орын ауыстырды. Полк туын желбіретіп, сайын далаларда, адыр-қыраттарда “Қазақ маршын” шырқатып комиссар Шәміл Қаратаев қол бастап келе жатты. Шәміл азамат соғысы жылдарында “қызылдар” жағында куресті. Казақтың 1-атты әскер дивизионының комиссары болды. Ұлттық атты әскер құру мен нығайтуға жиырма жыл өмірін жұмсаған қолбасшы қайраткер. Ол Затаевичке әскери марш жаздырды. “Тұрымтай”, “Әсет”, “Әмірхан” әндерінің негізінде жазылған жорық жырын 1934 жылы «Госиздаттың» музика секторы басып шығарды.

Шәмілдің әні 1937 жылы үзілді. Оның туған інісі, бізге Затаевич “жас қазақ интеллигенті, аса мәдениетті, жігіттің сұлтаны” деп таныстыратын Мұрат Қаратаев та жас дегенімен, ат сайлап, қылыш қайраған әскери атақ-манасп иесі. Бұрын - юнкер, одан - Алаш жасағының сарбазы, енді - 1 - атты әскер жауынгері. Сөйтеп тұра, тұла бойы толған ән. Зерттеушіге халық әндері “Өрлеши” мен “Ақсақ қызды”, Мұхиттың “Жайма қоңыры” мен “Ахауын” ғана жаздырып үлгеріп, Мұрат Ташкентке асығып аттанады. Оралған соң ән-күйдің астында қалдырам деген үәдесінің орындалуына тағдыр жазбады. Жайықтың көне әндерін көп білетін, олар туралы мәліметі де мол Мұраттың бұл ақырғы сапары еді...



Затаевич өкіне отырып, ол қалдырған төрт әнді қосып, жинағын “1000-ға” жеткізді.

“Қазақтың 1000 әнінде” қолтаңбасы қалған Баязит Қаратаев, Бақтығали Салімов, Збайда Айшуақовалар да қайраткер Бақытжанның немере жұрағаттары. Әзінің “Қазақтың 1000 әні” мен “500 ән-күйін” Затаевич сыпайылықпен ұжымдық еңбекке балаған. Басқаларды үлес-пайыздап жатпай-ақ, оған енген 150-дей ырғақ пен сазды, яғни оннан бір белігін - бір өulet адамдары, Әбілқайыр тұқымының өнерпаздары бергенін айтсақ, бұл мойындауының жаны бар.

Құрманғазы оркестрінің атасы Ахмет Жұбанов екендігі өнер тарихында барша мойындаитын талассыз ақиқат! Дегенмен, бір кезде Ахаң өз қолымен жазылған “Махамбет Бекейханов” деген баяндама-естелігінде оркестрдің құрылуына қатысты кейір қызықты жәйттерді алға тартыпты. Осыдан жарты ғасыр бұрын – 1959 жылдың 17 қарашасында бір данасына қолтаңбасын жазып Махамбеттің отбасына берген естелігінде Ахаң: “Көп кешікпей Махамбеттің күшімен кабинет домбырашыларының техникум студенттерінің қатарынан ансамбль құрылды. Концертмейстерлері Махамбет Бекейханов пен Қамбар Медетов болды. Ауызша күй үйретудің (домбырашылардың нота білмейтін кезі) шебері Лұқпан Мұхитов еді. Ансамбльге мен, Махамбет пен Қамбар үшеуміз кезек дирижерлік еттік” деп оркестрдің даңқын ағайындылармен белісілті.

Мұхиттың әндері, өulet өнерпаздары жаздырған әйгілі шығармалар кеңес композиторларының жаңа туындыларына кірпіш болып қаланды. Е. Брусиловский “Қыз Жібек” операсына “Үлкен Оразды”, Жібектің акырғы ариясы етіп Мұхиттың “Дүния” әнін енгізді. Төлегеннің соңғы сәтіндегі “Алты қаз” күйін Қамбардың орындауынан алды. Мұхиттың “Алуашын” “Жалбыр”



операсына кіргізді. "Айнамкөзін" Ерзакович квартетіне арқау етті. "Зәурешті" Шаргородский мен Шабельский еншіледі.

"Зәуреш" өні жөнінде өз алдына әңгіме етуге өзірміз. Өзірге талас тудырып жүрген бір мәселеге қатысты пікірмен шектелейік. Әңгіме өннің рухани авторы (шын авторы - Мұхит) Зәурештің әкесі Медет хан хақында. Өннің шығу кезін анықтау үшін уақыт пен кеңістікке кейде тарихшы көзімен қарау керек. Медет ешқандай хан емес, отыз ұлы да болмаған. Бекейлікті 19-ғасырда өмір сүріп, әкімшілік қызмет атқарған Медетқали Шекіұлы Нұралыханов. "Уай, Зәуреш, сенің үшін елден келдім" дегені - сонау Еділ бойынан Ұрғызыға ат арытуы. "Сен қалған отыз ұлдан едің, Зәуреш" дегені – Медеттің әкесі Шекі сұлтан Нұралының отызы ұлының бірі. Екіншісі - Бекей, үшіншісі - Шығай, тағысын тағы. Зәурешті жалғызыға балауы, бәлкім, осы әулетке қатысты айттылатын "Нұралының отыз ұлы" нақылтын тілге тиек еткені шығар. Әкесі аяулы қызын қияндағы Ұрғызыға неғып, қашан ұзатып жүр? Перовский Жәнгір тұқымын Орданы басқарудан шеттету үшін ел ішінің арыз-шағымын пайдаланып, 1859 жылы Медетқали мен інісі Ескендірді үй-ішімен Орынбордың теріскейіне жер аударды. Еліне 1861 жылдың күзінде оралды. Зәуреш сол көші-қон кезінде 25 жастағы Әлмұхамет Сейдалинге тұрмысқа шығып, жырақта қалған. Әкімдік қызметтегі әскери адам Әлмұхамет Зәурештен кейін көп жыл тұлбайдық жүріп, тек 1869 жылы Сүлеймен Жиһангеровтің қызы Халифаға үйленді. Қайраткер Жанша Сейдалиниң бастап он үл-қыздың бәрі Халифадан туған.

Әбілқайыр немересі, Айшуақ баласы Жантөре хан күйдегі "Шалқыма" жанрының негізін салушы. Атасы мен әкесінен қолбасшылық зәузат дарыған Жантөре жасында Сырым батыр жасағына ерді. Талай ұрыста ойқастап, талай айқастан аман шықты. 1805 жылы




әкесі Айшуақтың орнына таққа отырды. Ағайынның алауыздығы мен Ресей саясатының қыспағынан тосылған сәттерде екі ішекке ерік беріп, “Көбік шашқаның” бебеулетіп, қаһары мен қүйінішін құй құдіретімен жеткізген.

Әбліхайырдың тағы бір немересі Шығай хан балаларының ішінде тағдыры қызығы Дәuletкереі. Шығайдың ағасы Бекей ханның үш әйелі болды. Бәйбішесінен Тәуке мен Әділ, Атан ханшадан Жәңгір туды. Үшінші әйелі Жұмадан Мендігерей есімді ұл сүйді. 1815 жылы Бекей қайтыс болғаннан кейін Жұма әменгерлік жолымен Шығайға қосылды. Одан туған Дәuletкереі балалық, жастық шағын ағасы Мендігерейдің қамқорлығында өткізді. Жәңгірлермен еншілес болды. Жиyrма жеті жасқа дейін “сұлтан Дәuletкереі Бекейұғылы” есімімен жүрді.

Екі шаңыраққа тел өсіп, жастайынан билікке бейімделген Дәuletкереі 1852 жылдың ақпанынан бастап ноғай, 1860 жылдың сәуірінен бастап шеркеш руларын басқарды. Әйтсе де, Жантөре хан секілді мұның да атағы кейінгі ұрпаққа әкімдік әмірімен емес, ерен өнерімен “Қосалқадай”, “Қосшектей”, “Күдашадай”, “Ақжелендей”, “Ақбаладай”, “Мұңдығыздай”, “Бұлбұлдай” сылқым саздарымен әйгіленді.

Күй керуенін Дәuletкереі, ән шеруін Мұхит бастап, әлеуметті сазбен тербел, сарынмен тебірентіп өткен ардақтылардың әрқайсысына еншілі әңгіме арнауға дерек жетер еді. Олар қалдырған рухани мұра мен өздері туралы айтылар лебізді бұл жолы әүлеттік портретке жиып тердік.

Аrapарынан бір бекзатының: “Еңіреп Мұхит бабам өтіпті-ау деп, кейінгі ұрпақтарым есіне алар” деген өсиетін ұмытпақ емеспіз. Мұны - тек өзін емес, әүлеттен шықкан барша шандозды алдағы күнге арыздаған аманат-мұн деп қабылдайық..







Асылдың сынығын тот баспайды

Ақбақай деген көл екен,
Аймагы тегіс гүл екен.
Аймалап атамекенін,
Қызығыштар қорып жүр екен.
Саралжын жері дүр екен,
Сары алтындардың бірі екен.
Салттары мұлде дүр екен,
Азаматтары да ірі екен.
Махамбет пен Мұхиттар,
Тірі екен, әлі тірі екен!

Мұқагали Мақатаев.

2008 жылы «Оралдан ән оздырған», өзіндік мектебі қалыптасқан аса көрнекті әнші – композитор Мұхит Мерөліұлының өмірден өткеніне 90 жыл болды.

Құдайға шүкір, музыка өнерінің осынау өркеші биік өкілі туралы біршама білеміз десек, қателеспес едік. Белгілі музыка зерттеушісі А. В. Затаевич, туған топырақтан шыққан академик А.Қ.Жұбанов бұл бағытта зор еңбек сінірді. Бұлардан басқа да зерттеушілер өз үлестерін қости. Осылардың өмірден өткендерінің аруақтары, арамызда жүргендердің өздері алдында басымызды иеміз!

Мұхит сияқты үлттық музыка өнеріне қомақты олжа салған дарындар жайында жазғаның үстіне жаза түсу, сол арқылы білгеннің үстіне біле түсу артықшылық етпейді. Өсіресе, өсіп келе жатқан жас үрпақ халқымыздан шыққан түрлаулы тұлғалар туралы жете білуі, солардай болуға үмтүлұры, оларды мақтан тұтуы тиіс.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Мұхит бабамыздың өнердегі орны, шығармашылық ерекшеліктері хақында азды-көпті хабардармыз. Есесіне оның ата тегі, өскен



ортасы, үрпақтары туралы көп жазылып, айтыла бермейтін сияқты.

Мұхит Мерәліұлы - Кіші жұз ханы баһадүр Әбілхайырдың нәсілі. Әбілхайыр ханның тәре түкімінің қызы Бопай-Бәтима (1695 - 1780 ж) есімді ханымынан Нұралы, Ералы, Қожахмет, Айшуақ, Әділ туылған.

Бопай ханым - белгілі тұлға. Ақыл-парасаты арқасында Әбілхайыр ханның кеңесшісі болып, келелі істердің оң шешімін табуына ықпал ете білген адам. Әбілхайыр хан қаза тауып, «оның орнын кім басады?» деген түйетайлы тұста патша үкіметі алдында да, дала тұрғындары алдында да беделі зор болғандықтан үлкен ұлы Нұралыны хан тағына (1748 ж) отырғызған да, негізінен осы Бопай ханым болатын.

Нұралы ханның аз деңіз, көп деңіз 16 әйелі болыпты. Осылардан 39 ұл, 33 қыз көрініпті. Сол отыз тоғыз ұлдың үшіншісі - Қаратай сұлтаны (1772-1826 ж.ж.) Қаратай Нұралыханұлы Орданың Батыс бөлігіне билік жүргізді. Оның Мерәлі есімді ұлынан Мұхит туады. Мұхиттың азан шақырып қойған аты Мұхамбеткереj екен. Өнердің мұхитында еркін жүзуді кәсіп еткендіктен болар, Мұхит атанаip кетіпті...

Мерәліден бақандай алты ұл тараған ғой. Олар - Пәңгерей, Шәңгерей, Мұхамбеткереj (Мұхит), Сақыпкереj, Дәулеткереj, Жұсіпкереj.

Іе, аса көрнекті әнші-композитор Мұхит Мерәліұлы 1841 жылы Орал губерниясы, Жымпіты уезі, Жақсыбай болысы, 9 - ауылда дүниеге келген. Мұхиттың туған ауылы оның 150 жылдық мерейтойына дейін Қаратөбе ауданына қарасты «Саралжын» кеңшарының орталық мекен-жайы болып, Саралжын ауылы деп аталды. 1991 жылдың маусымында өткен дарабоз дарынның 150 жылдық мерейтойы кезінде Саралжын ауылы Мұхит ауылы болып өзгертілді.